

«Бибіш ана» бөбекжай балабақшасы ЖШС

Менгеруші жанындағы кеңес.

№1 хаттамасы

Қатысқандар: 11

08.09.2022ж

Күн тәртібі:

1. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы. Шолу тексерудің қорытындындысы.
2. Жалпы ата-аналар жиналышына дайындық.
3. Мониторинг 2022 өзгешеліктерімен таныстыру.
4. Тіл мерекесіне арналған апталықтың іс-шаралары және «Арайлы алтын күн!» мерекесінің бағдарламасын бекіту.
5. Балаларды жас ерекшелігіне сай топтарға бөлу, тәрбиешілерді бекіту.

1. Тыңдалды: Балабақша менгерушісі Г. Ақылбекова «Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы» Шолу тексерудің қорытындысына тоқталып етті. Біздің басты мақсатымыз балаларды толық қанды дамыту қымыл белсенділігіне жағдай жасау, пайдалы және құнарлы тамақтандыру, жағымды қарым-қатынас орнату және дамытушы ортаны үйімдастыру арқылы қамтамассыз етілетін баланың физикалық, психологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық денсаулығы мен қауіпсіздігі болып табылады. Мемлекет басшысының Қ.Р. президентінің жанындағы үлттық қоғамдық сенім кеңесінің 2020 ж 27 мамырдағы 3-ші отырысындағы берген тапсырмаларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 1-тармағын орындау үшін Қ.Р. үкіметінің 2021 жылғы 23 наурыздығы №137 қаулысымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі бүгінгі күн жаңа моделді іске асыру шіңберінде Қ.Р. Оқу ағарту минistrінің 2022 ж 3 тамыздағы №348 бүйрекімен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қ.Р. Оқу ағарту минistrінің 2022 ж 9 қыркүйектегі №394 бүйрекімен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары бекітілді.

Жаңа оқу жылында жаңа стандарт талаптарын, жаңа үлгілік оқу жоспарына сәйкес оқу тәрбие жұмыстарын үйімдастыруды балабақшамыздың ішкі жағдайында балаларды тәрбиелеуде демек педагогтерге ойынға басымдық беру үсінілады. Олұшін балалардың қызығушылықтарына сәйкес заттық дамытушы ортаны құру және үйімдастырылған іс-әрекетті балалардың бастамаларын, пікірлері мен тілектерін ескере отырып оларды зеріктірмей балардың түрлі әрекеттерін үйімдастыру арқылы қызықты ойын түрінде өткізу көзделеді. Шолу тексеру нәтижелері орташа деп бағалаймын толықтырулар қажет етеді. Аталған басымдықтарды, талаптарды ескере отырып толықтыру жүргізуі тапсырды.

2. Тыңдалды: Балабақша менгерушісі Г. Ақылбекова. Жалпы ата-аналар жиналышына дайындық жөнінде тоқталып кетті. Балабақша алдына қойылған міндеттерінің бірі тәрбиелеу білім беру процесінің нәтижелі болуы үшін ата-аналардың жауапкершілігін арттыруды көздейді. Баларды дамыту, тәрбиелеу мен оқыту процесіне ата-аналарды тартуымыз қажет. Осы екі мәселеге сүйенейік:

- ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;
- ата-аналарды мектепке дейінгі үйімнің қызметіне тарту

Балабақшада балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жауапкершілікті іске асыруда ата-аналарға көмек көрсету арқылы педагогикалық процеске белсенді қатысуышылар ретінде тарту мақсаты қойылған. Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін әр тәрбilenушінің отбысымен әріптестік қарым-қатынас орнату; баларды дамыту мен тәрбиелеу отбасы мен мектепке дейінгі үйімнің күш жігерін біріктіру, консультациялық кеңестің жұмысын кеңейту ата-аналармен жұмыста трейнингтер, семинарлар, итістер күндері ата-аналар қатысуымен педагогикалық кеңес ата-аналар конференсиясы дәстүрлі емес қарым-қатынас түрінде өтетін ата-аналар жиналыштарының жаңа форматтарын пайдалану қажет деген тапсырмалар берілді.

3.Тыңдалды:Балабақша әдіскері Мониторинг 2022ж өзгешіліктерімен таныстырып өтті.Баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде Үлгілік бағдарлама мазмұнын менгеру бойынша мониторинг жүргізіледі.Бастапқы бақылау нәтижелері бойынша дамыту түзету іс-шаралары қазан-желтоқсан ,аралық бақылау нәтижелері бойынша дамыту ,түзету іс-шаралары ақпан-сәуір,қорытынды бақылау нәтижелері бойынша дамыту түзету іс-шаралары.

Маниторингтің мақсаты: -Баланың жетістіктерін қадағалау;

-балаларды тәрбиелеу мен дамыту жеке тәсілдерді қамтамассыз ету; -түзету іс-шараларын жедел жоспарлау негізінде білім беру процесін жетілдіру ;-баланың үлгілік бағдарлама мазмұнын менгеру дегейін анықтау

4.Тыңдалды:Балабақша менгерушісі Г.Ақылбекова Тіл мерекесіне арналған апталықтың іс-шаралары және «Арайлы алтын күз!»мерекелерінің бағдарламасын бекітті және тіл мерекесіне ересек топ бүлдіршіндерімен тілдік интелектуалды сайыстар үйімдастыруды тапсырды.

5.Тыңдалды:Балабақша менгерушісі Г. Ақылбекова жаңа 2022-2023 оқу жылындағы балалардың жас ерекшелігіне сай топтарға бөлу ,тәрбиешілерді бекіту кестесімен таныстыруды.

Ересек «Аққү»тобы -25 бала,4 жасар балалар,тәрбиеші Оразова Н

Ортаңғы «Көгершін»-25 бала ,3 жасар балалар,тәрбиеші Төрекханова А

Кіші «Балапан» -25 бала,2 жасар балалар,тәрбиеші Тұрдалиева А бекітілді.

Шешім:

1.Жылу тексеру нәтижелерінде аталған басымдықтарды талаптарды ескере отырып толықтырулар жүргізу
Жауаптылар:әдіскер,тәрбиешілер.

2.Балаларды дамыту тәрбиелеу мен оқыту процесіне ата-аналарды тарту мақсатында 20 қыркүйек күніне жалпы ата-аналар жиналышына шақыру

Жауапты:әдіскер А.Алиханова

3.Балалардың жетістіктерін қадағалау тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілдерді қамтамассыз ету ,баланың Үлгілік бағдарлама мазмұнын менгеру мақсатында кезеңдермен жүргізу

Жауаптылар: әдіскер Алиханова,топ тәрбиешілері

4.Тіл мерекесіне арналған апталықтың іс-шаралары және «Арайлы алтын күз» мерекесін жауапкершілікпен атап өткізілсін

Жауаптылар:топ тәрбиешілері

5.2022-2023 оқу жылындағы бекітілген тәрбиешілер балалардың жас ерекшелігіне сай топтағы оқу тәрбие үдерісі жас ерекшелігіне сай үйімдастырылысын.Жауаптылар : әдіскер А.Алиханова,тәрбиешілер.

Тәрайымы :

Г.Ақылбекова

Хатшы :

А.Алиханова



Менгеруші жаңындағы кеңес

Хаттама №2

17.11.2022ж

Қатысқандар: 11

Күн тәртібінде:

1. Откен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Топтарда Жыл мезгілдіне арналған бұрыштар сапасы
3. Тәуелсіздік күніне орай ашық ұйымдастырылған іс әрекеттерді, жаңа жылдық іс шара жоспарын талқылау;

1. Тыңдалды. Откен кеңестің шешімдерінің орындалуы.

Мектепке дейінгі білім беруде сапалы қызметші қамтамасыз етуде МД жастағы балалардың біліктері мен дағдыларын дамытудың маңызы зор. Сондықтан балалармен тиісті жұмыстар жүргізіліп жылына 3 рет диагностика жүргізіледі. Қыркүйек айында бастапқы мониторинг жүргізіліп диагностика нәтижелері балалардың бақылау парағына енгізілген болатын. Диагностиканың әр кезеңінен кейін баламен жеке түзеу жұмысын жүргіту үшін педагогикалық процесінің міндеттері мен мазмұнын айқындалады. Барлық топ тәрбиешілері мен сол топта жұмыс жасайтын педагогтар күн тәртібі барысында диагностика нәтижелерінің қорытындысы бойынша түзету жұмыстарын жүргізуде.

Жалпы ата-аналар жиналышы өтті. Құрметті ата-аналар балабақшамен тығыз байланыста болып, балабақша өміріне белсенді араласып тұратын ата-аналар комитетінің төрағасы немесе төрайымын және мүшелерін сайладап алу керектігін айтты. Жалпы комитеттің жұмысымен және жалпы міндеттерімен таныстырылды. Ата-аналар ұсыныстары бойынша ата-аналар комитетін ұйымдастыру болып табылды. Ата-аналар комитетінің төрайымы бір ауыздан Үсенова Гулзия болып сайланды. 1.Болтаева Ф 2. Алтынбекова М ата-аналар бір дауыстан ата-аналар комитетінің мүшесі қылыш шешім қабылдады.

Балабақша әдіскері А.Алиханова «Баланың балабақшага бейімделуі» тақырыбындағында оқыды. Балаларымыз болашағымыз, бала тәрбиесі еліміздің әлеуметтік дамуының, құрылымының келешегін айқындаушы деп есептейміз. Егемен еліміздің көк туын желбіретер ертеңгі болашақ, яғни бүгінгі бүлдіршіндер тәрбиесі аса ауқымды, назар салатын басты мәселенің бірі. Біздің мемлекетіміз бүгінгі таңда әлеуметтік, экономикалық және саяси негіздерін жаңа заманға сай жасаушы мемлекет .

Бала тәрбиесі ана сүтінен басталып, біреудің біреуге ықпалы арқылы өмір бойы қалыптасатын күрделі құбылыс. Тәрбиенің ең алғашқы бастамасын отбасында алса, жалғасы балабақшамен байланысады, яғни бала тәрбиелене отырып білім алады.

Отбасы тәрбиесі қоғамдағы өзгерістермен тығыз байланысты, сондықтан ол қоғам мұддесіне қызмет етуі тиіс. Отбасы ең алғашқы тұлғаны дамытатын әлеуметтік орта. Отбасында баланың тұлғалық қасиетіне ықпал ететін көптеген жағдайлар болады. Мәселен, отбасы мүшелерінің мәдени деңгейі баланың түрлі әлеуметтік құндылықтарды игеруіне игі әсерін тигізеді.

2. Тындалды. Өткен іс-шараларды талдау бойынша балабақша менгерушісі Г.Ақылбекова сөз алды.

25 қазан Республика күніне орай ортаңғы және ересек топтарды ҮІӘ өтті. Басты мақсат: балаларға біздің Республика күні жөнінде түсінік беру. Патриоттық және адамгершілік сезімдерін ояту “Отан” туралы түсініктерін кеңейту.

ҮІӘ тәрбиешілері жақсы дайындалған. Бейнероликтер мен суреттер көрсетіп балаларға Республика күні Қазақстан туралы түсінік берді. Балалар тақырыпқа сай тақпактар айтып әндер орындағы.

Және де биылғы оку жылының жылдық жоспарына сай ересек және ортаңғы топтарда “Кош келдің Алтын күз” тақырыбында мерекелік іс-шаралар өтті. Зал мерекеге сай безендірілген тәрбиешілер мен, балалар мерекелік киім киген. Балалар ән айтып, би билеп, тақпактар айтты. Бірақ ортаңғы “Көгершін” ересек “Аққұ” топтарының дайындығы аздау болған сияқты. Келесі іс-шараларға көп көңіл бөліп жауапкершілікпен дайындалады деген сенімдемін.

3. Тындалды. Тәуелсіздік күніне орай ашық ұйымдастырылған іс әрекеттерді, жаңа жылдық іс шара жоспарын талқылау туралы балабақша менгерушісі Г.Ақылбекова айтып өтті.

Құрметті әріптестер, алда тағы бірнеше мерекелік іс-шаралар жоспарланған. Тәуелсіздік күніне ортаңғы және ересек топтар ашық ҮІӘ мен іс шараларға жауапкершілікпен дайындалыңыздар. Жаңа жылда мерекелік іс шара өткізесіздер. Тәрбиешілер өз жоспарларын ортаға салып, бөлісті. Қажетті түзетулер енгізілді.

4. Тындалды. «Балабақшада инклузивті білім беру» тақырыбында тәрбиеші Төреханова Айнұр баяндама оқыды. Инклузивті оқыту- мүгедек пен дамуында сәл бұзылуышылығы мен ауытқулары бар балалардың дені сай балалармен бірге олардың әлеуметтендіру және интеграция процестерін жөнілдету мақсатындағы бірлескен оқыту.

Инклузивті оқыту – барлық кемтар балаларға мектепке дейінгі оку орындарында, мектепке және мектеп өміріне белсene қатысуға мүмкіндік береді, олардың тең құқығын анықтайды, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді.

Инклузивті оқытуудың -негізгі принциптері:

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады.
2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.
3. Әрбір адам қарым-қатынасқа құқылы.
4. Барлық адам бір-біріне қажет.
5. Білім шынайы қарым-қатынас шенберінде жүзеге асады.
6. Барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.
7. Әрбір окушы үшін жетістікке жету – өзінің мүмкіндігіне қарай орынданай алатын әрекеттің жүзеге асыру.
8. Жан-жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

Инклузивті бағыт кемтар балаларды окуда жетістікке жетуге ықпалетіп, жақсы өмірсүру мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту әлі де өзекті мәселе күйінде қалып отыр. Олардың қатары жыл сайын өсіп жатқандықтан, жарымжан балаларға білім беру жүйесін жетілдіру қажет. Қазір олардың мүмкіндіктерін ескере отырып, өзгелермен тендейбілім алудына жағдай жасау қажет.

Ал, мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу ерекшелікті қажет етеді. Ата-ананың тарапынанұстамдылық, шыдамдылық, төзімділік, сабырлық сияқты қасиеттер болуы тиіс. Отбасының бала тәрбиесіндегі алар орнын халқымыз «ұяда не көрсөн, ұшқанда соны ілерсін» деген даналық оймен түйе білген. Кемістің түріне де және күрделілік деңгейіне байланысты балаларды тәрбиелеу мүмкіндігі де өзгеріп отырады.

Арнайы әдістерді пайдалана отырып, тәрбиеші бала тәрбиесіндегі кемшіліктерді тікелей түзетуге ықпалетеді. Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту және тәрбиелеу кезінде жаттығу түзетудің арнайы әдістерінің бірі болып табылады. Жаттығуларды орындаі отырып бала өзін ортада дұрыс ұстауға, мейірімділікке, төзімділікке үйренеді. Бірақ жаттығуға толығымен жүгінуде балаларды агрессияға, мінезіндегі қиқарлықты тудыруы мүмкін.

Шешімі:

1. Тәуелсіздік күніне орай ашық ұйымдастырылған іс әрекеттер, жана жылдық іс шара жоспарға сай өткізілсін.

Жаупты: тәрбиешілер.

Балабақша менгерушісі:

Хатшы:

Г.Ақылбекова

А.Алиханова



Менгеруші жанындағы кеңес

Хаттама №3

28.12.2022ж

Катысқандар: 8

Күн тәртібінде:

1. Откен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Тәуелсіздік күніне орай ашық ұйымдастырылған іс әрекеттерді, жаңа жылдық іс шара жоспарын талқылау;
3. Бастапқы мониторинг

1. **Тыңдалды.** Откен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша менгерушісі Г.Ақылбекова сөз алды. Қараша-желтоқсан айларында откен Менің Отаным Қазақстан тақырыбында ашық есік күнінде тәрбиешілердің жаңа технологиялық инновациялық қолдана отырып, срнғы 2022 жылғы 14 қазанда бекітілген үлгілік оқу бағдарламасының мақсат міндеттеріне мазмұнына сай ойын түрінде откізген тәрбиешілерге алғысын білдірді.

Бағдарламаның жианқылығы балаларды өнерге ұлттық мәдениетке патриоттық тәрбие берудегі еңбектері үшін педагогтарға алғыс білдірді.

Сонымен бірге ұжым Жаңа жыл ертеңгіліктерін талқыладап, бағалап өтті. Жалпы жасыл шыршажанында ертегі, мультфильм кейіпкерлері қызықты сәттер көп болды. Балалар қуанышты көңілді, ойын сауық, билерге ықыласпен қатысып, Аяз атадан сыйлықтарын алып, мәре сәре болып тарқады.

Тыңдалды. Бастапқы мониторинг нәтижесінде жәнінде балабақша әдіскері сөз алды. Баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу диагностика негізінде Үлгілік бағдарламаның мазмұнын менгеру бойынша мониторинг жүргізілген.

Үлгілік оқу бағдарламасының мақсат міндеттерін игеруді жеке даму картасындағы бастапқы түзету шараларын менгеру мақсатында жұмыс жүргіземіз деп аяқтады.

Шешімі:

1. Тәуелсіздік күніне орай ашық ұйымдастырылған іс әрекеттер, жаңа жылдық іс шара жоспарға сай деп бағалансын.
2. Үлгілік оқу бағдарламасының мақсатміндеттерін игеруді, жеке даму картасындағы бастапқы түзету шараларын менгеру мақсатында жұмыс жүргізілсін.

Балабақша менгерушісі:

Г.Ақылбекова

Хатшы:

А.Алиханова



Менгеруші жаңындағы кеңес

Хаттама №4

06.02.2023ж

Қатысқандар: 13

Күн тәртібінде:

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде
- 2.Кіші жастағы балаларды мәдени-гигиеналық дағдыларының қалыптасуы
- 3.1-мамыр және 9-мамыр мерекесінің бағдарламасымен танысып, талқылап бекіту.
- 4.Аралық бақылау нәтижелері бойынша дамыту, түзету іс-шаралары туралы

1.Тындалды: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша менгерушісі Г.Ақылбекова сөз алды.

Улгілік оқу бағдарламасының мақсат міндеттерінің игеру мақсатында баланың жеке даму картасындағы бастапқы түзету жұмыстары өз уақытында жүргізілді.

2.Тындалды: Балабақша әдіскері кіші жастағы балалардың мәдени гигиеналық дағдыларының қалыптасуы жедел бақылау қорытындысы; Жақсы да жаман да күшті әдеттер бала кезінен қалыптасатыны белгілі. Сондықтан баланы жастайынан сау дағдыларға тәрбиелеу, оларды дағдыға айналдыру үшін шоғылану өте маңызды Мәдени гигиеналық дағдылар мәдениеттің негізі, болашақта балалардың салауатты өмір салтын қалыптастырудың қажетті шарты. Бақылау кезінде тәрбиеші Н.Оразовқа жеке гигиена ережелерін орындауды. Балалар гигиеналық дағдыларға жасына сай дағыланған.

3.Тындалды: Келесі мәселе жалпы ата-аналар жиналысына дайындық туралы балабақша менгерушісі Г.Ақылбекова айтып өтті.

Ата-аналар жиналысының мақсаты: Бала тәрбиесіндегі балабақша мен отбасы ынтымақтастырының нығайту. Балалардың мінезд-құлқы, бейімі, қызығушылығы мүмкіндігі т.б. тереңірек зерттеу. Ата-ана, бала, тәрбиеші үштігі арасында өзара сенім мен сыйластық орнауына ықпал ету. Алдымен биылғы оқу жылының ата-аналар комитетін сайлап алу, қажет. Әдіскерге ата араларды балабақшаның жылдық жоспары және оның мақсат-міндеттерімен таныстыруды, мейірбике М.Алтынбекова балабақша ас мәзірі мен дene шынықтыру шаралары туралы баяндама дайындауды тапсырды.

«Зорлық зомбылық қоғам» тақырыбында презентация дайындалап, әңгіме жүргізу керектігінде айтып өтті.

Сөйлегендер: мейірбике М.Алтынбекова біз жылда ата-аналарды балабақшасаас мәзірі мен шынықтыру шараларымен таныстырамыз. Ата-аналар балалардың тамақтану сапасы, мен ас мәзіріне көнілдері толады. Өз

ризашылықтарын білдіреді. Көптеген балабақшалармен салыстырып, біздің мәзірімізді ұнатып, балаларды құнарлы әрі пайдалы тамақтандырады деп бізге алып келеді.

4.Тыңдалды: Бесінші мәселе бойынша. Балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейінің бастапқы мониторинг туралы әдіскер А.Алиханова айтып өтті.

Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бағалау бойынша мониторинг міндеттері, МДҰ білім беру процесінің жағдайын зерделеу, сондай-ақ даму динамикасын көрсету, МДҰ ұсынатын қызметінің сапасын арттыруға бағытталған ақпаратты жинау, өндөу және талдау.

Балалардың дамуына мониторинг жүргізуде педагог:

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарын;
- Ұйымдастырылған іс әрекет барысының мазмұнын;
- Бақылау парагы мен баланың жеке даму картасын толтыру тәртіпперінің білуі;
- Мектепке дейінгі педагогика мен психология негіздерін, баланың баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін өлшеу әдістерін игеруі қажет. Стандарт талаптары бала дамуының З деңгейінің болуын қарастырады. Осы бағалау деңгейі бойынша топтардың қорытындысы.
 - 1. Ересек «Аққу» тобы
 - 2. Ортаңғы «Көгершін» тобы
 - 4. кіші топ «Балапан» тобы

Шешімі:

1. тобында мәдени-гигиеналық дағдыларының қалыптасуы орташа деп табылсын. Гигиеналық дағдыларды үнемі жетілдіріп отыру қажет
2. Мерекелік бағдарламаны ұсыныстарды есепке алып бағдарлама толықтырылсын. Бағдарлама 2023 жыл 03 наурызда бекітілсін.
3. Үлгілік оқу бағдарламасының мақсат міндетін игеру мақсатында жеке даму картасындағы дамыту, түзету іс-шаралары жалғасын тапсын.

Балабақша менгерушісі:  Г.Ақылбекова

Хатшы:  А.Алиханова



«Бибіш ана» бебекжай балабақшасы ЖШС

Менгеруші жанындағы кеңестің

№5 хаттама

Қатысқандар: 11

03.04.2023 ж

Күн тәртібі:

1. Откен кеңестің шешімдерінің орындалуын жөнінде.
2. Шынығуды жүргізу, оның әр түрлі түрлерін тиімді үйлестіру жедел бақылау қорытындысы.
3. Денсаулық күні мерекесінің жоспарымен танысып, талқылап бекіту.

Тыңдалды: Кеңесті балабақша менгерушісі Г.Ақылбекова күн тәртібіндегі мәселелерімен таныстырып, откен кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталды. Кіші «Балапан» тобында тәрбиеші А.Тұрдалиева баланың бойына мәдени-гигиеналық дағыларының қалыптасуын үнемі жетілдіру жұмыстарын жалғастырып жатыр. Жеке бас гигиенасын қалыптасуына аса мән берілуде. Мерекеге дайындалған бағдарламалар толықтырылып, жақсы деңгейде мерекелік іс-шаралар үйімдастырылуы тапсырылды. Үлгілік оқу бағдарламасының мақсат міндеттерін игеру, жеке даму картасындағы дамыту, түзеру іс-шараларының мазмұнын айқындаپ даму маниторингінің кестесіне сәйкес жүргізілуде деді әдіскер.

Тыңдалды: Шынығуды жүргізу, оның әр түрлі түрлерін тиімді үйлестіру жедел бақылау қорытындысы туралы балабақша әдіскері айтты.

Шешім :

2. Шынығуды жүргізу, оның әр түрлі түрлерін тиімді үйлестіру жедел бақылау қорытындысы жүргізіліп отырсын.
3. Денсаулық күні мерекесінің жоспарымен танысып, талқылып бекітілсін.

Менгеруші:

Г.Ақылбекова

Хатшы:

А.Алиханова

